

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЖОО дейінгі білім беру факультеті

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы

Қазақ тіліне кіріспе

пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының коды: **VK(R)Ya 1102**

Оқу деңгейі ННП

1-курс

II семестр

Кредит саны – 3

Алматы, 2025




Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын ф.ғ.к., Г.Ә. Машинбаева әзірледі.

«Қазақ тіліне кіріспе» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы Қазақ тілі шет тілі ретінде оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының мәжілісінде 23.12.2025 ж. №5 хаттамасымен бекітілді

Кафедра меңгерушісі



Б.М. Айтбаева



Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы

Оқудағы жетістіктерін бақылау – білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында оқу пәндері бағдарламасын игеру үшін жүргізілетін аралық аттестаттау кезеңінде емтихан түрінде, егер пән оқытылса, бірнеше академиялық кезеңдер барысында болса, қорытынды бақылау зерделенген нақты академиялық кезеңде жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер:

ОН 1. (когнитивтік)

Лексикалық-грамматикалық материалды, сөйлеу құрылымдарын, сондай-ақ белгілі бір тақырыпта сөйлесу үшін қажетті сөйлеу үлгілерін есте сақтау

ОН 2. (Функционалды) 1. Берілген тақырыптар бойынша монологтық айтылымдар, диалог, мәтіндерді айту

ОН 3. (Функционалды) Оқыған лексикалық-грамматикалық материалды, сөйлеу құрылымдарын, сөйлеу және бейвербалды әдеби үлгілерін тілдік жағдаят аясында монологтар мен диалогтарда қолдану.

ОН 4. (Жүйелі) лексика-грамматикалық материалды нақты жағдаятқа сай таңдайды және сөйлеу әдебінің қажетті моделін орнымен қолданады. Оқыған тілге қатысты халықтың мәдениеті, тарихы, дәстүрі туралы ақпарат жинақтайды

Емтиханға берілетін ауызша айтылымдар тақырыбы:

1. «Менің тобым» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
2. «Менің отбасым» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
3. «Менің туған қалам» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
4. «Менің елім» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
5. «Менің жаңа достарым» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
6. «Менің университетім» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
7. «Алматы қаласы» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
8. «Қазақстан туралы» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
9. «Қазақ ұлттық университеті» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
10. «Өзім туралы» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
11. «Менің жақын досым» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
12. «Менің атам (әжем, ағам, әпкем)» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
13. «Менің Қазақстандағы достарым» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
14. «Досымның отбасы» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.
15. «Менің әке-шешемнің мамандығы» тақырыбына монолог құрап айтыңыз.

Емтиханда тексерілетін нәтижелер жүйесі.

Тіл меңгеруші төмендегідей қарым-қатынастық құзіреттіліктерді көрсетуі тиіс.

- Әлеуметтік-тұрмыстық саласындағы қарым-қатынасқа оқу және шынайы ситуациялық жағдайларындағы қарапайым тілдік құралдар қолданылған элементарлы сұхбаттарды жүргізу.
- Әңгімелесушінің қарапайым сұхбаттық репликасына адекватты жауап беру. Өзі туралы элементарлы фактілік мағлұматты сұрау және мәлімдеу (шығу тегі, отбасы, білімі, тұтынушының керек-жарағы)
- Тілдік этикеттің ережесін сақтай отырып, жай грамматикалық құрылымды қолданып, оқылған сөздермен сөйлемдерді пайдаланып, әлеуметтік-тұрмыстық орта қарым-қатынасындағы стандарттық ситуацияларға жай сұхбаттарды жүргізу.
- Жеке, тұрмыстық, мәдени тақырыпта әңгімелер құрастыру (өзі, отбасы, өзге адамдар туралы, оқуы немесе болашақ мамандығы, тұратын жері туралы, елі, қаласы, ұлттық тағамдары, мерекелері туралы);
- Жеке өз басына қатысты қысқаша мәтін, өмірбаян (өзінің немесе ойдан шығарылған) оқиға туралы қысқаша мәлімет, жеке хат немесе тұрмыс тақырыптарында әңгіме құрастыру.
- Берілген тақырып аясында өзінің ойын жеткізе алатынын көрсету;



• Өз ойын, пікірін білдіруде (келісу /келіспеу/ мақұлдау/ жоққа шығару /ұнату/ұнатпау/ қуанышын / ризашылығын / өкінішін білдіру) эмоционалды-экспрессивті құрылымдарды жүйелі, орынды қолдану;

• Оқылым бойынша қысқаша түрлі тақырыптағы көркем-әдеби емес мәтіндерді оқып, керекті ақпаратты тауып өз сөзімен баяндау. Мәтіннің негізгі мағыналық бөлігін ажыратып, айтар ойын жеткізу. Оған баға беру.

Негізгі әдебиеттер:

1. Нұршайықова Ж.Ә., Мұсаева Г.Ә. «Бастау» - интенсивный курс казахского языка. Алматы «Қазақ университеті» 2005.
2. Нұршайықова Ж.Ә., Мұсаева Г.Ә. Қазақ тілі. Алғаш бастаушыларға арналған оқу құралы Мәдениет және ақпарат министрлігі. Тіл комитеті. – 2-басылым. –Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2009.
3. Мұсаева Г.Ә., Құрышжанова Ә.Ә., Ахмедова Ж.Ш., Екшембеева Л.В. «Қазақша сөйлегің келе ме?» «Алғашқы қадам» 1-кітап. Алматы: «Балауса», 1998.
4. Бұлдыбаев А.С., Екшембеева Л.В. «Қазақша сөйлегің келе ме?» оқу кешенінің бағдарламасы. Алматы «Балауса», 1998.
5. Мурзалина Б., Нұркеева С., и др. «Қазақ тілі» Учебное пособие для интенсивного обучения казахскому языку. «Ана тілі» 1998.

Қосымша әдебиеттер:

1. Сулейменова Э.Д., Қадашева Қ., Ақанова Д. Тіл ұстарту. Қазақ тілі. Оқу кешені. А., «Жібек жолы», 1996.
2. Сулейменова Э.Д., Қадашева Қ., Ақанова Д. Үнжария. Қазақ тілі. Оқу кешені. А., «Жібек жолы», 1996.
3. Сулейменова Э.Д., Қадашева Қ., Ақанова Д. Анықтағыш. Қазақ тілі. Оқу кешені. А., «Жібек жолы», 1996.

Интернет ресурс:

1. <https://abai.institute/>
2. <https://tilalemi.kz/>
3. <https://www.kaz-tili.kz/>

II ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР ЖӘНЕ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ПРОЦЕДУРАСЫ: СТАНДАРТТЫ, АУЫЗША OFFLINE

2.1. Емтихан өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар:

2.1.1. Емтихан формасы: стандартты ауызша офлайн. Платформа: ІС **Univer**

2.1.2. Ауызша емтиханның мақсаты: пәнді оқу барысында код жеткізілген оқу нәтижелерін көрсету; қалыптасқан дағдылар мен құзыреттіліктер; өз ойын ауызша жеткізе білу, өз жауабын дәлелдей білу.

2.1.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер: Ауызша емтиханның бір билетінде 3 сөйлеу тапсырмасы бар, олардың орындалуы оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін көрсетеді және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланады:

Тапсырма бойынша деңгейге сай қарапайым жағдаяттарда тілдік қарым қатынасқа түсу;

Екінші тапсырма емтихан билеті бойынша таңдап алынған ауызша сұрақтарға жауап беру.

Үшінші тапсырма емтихан билеті бойынша таңдап алынған ауызша айтылым тақырыбына монологтық айтылым дайындап айту.

Билеттің 1-тапсырмасы бойынша берілген жағдаяттар:

Топпен танысу (аты-жөнін айту, ризашылығын білдіру)

Топқа өзін таныстыру (кім, қайдан, мамандығы туралы)

Досын таныстыру (ол кім, қайдан, қандай адам)

Отбасын таныстыру (бұл кім, жасы нешеде, мамандығы кім)

Дәрісхананы сипаттау (бұлар нелер, олар қандай)



Өз бөлмесін сипаттау (бұлар нелер олар қандай)

Билеттің 2-тапсырмасы бойынша берілген сұрақтар:

- Сіздің атыңыз кім?
- Сіз қайдансыз?
- Сіз қай қаладансыз?
- Сіздің жасыңыз нешеде?
- Сіздің мамандығыңыз кім?
- Сіздің отбасыңызда кімдер бар?
- Олардың жасы нешеде?
- Олардың мамандығы кім?
- Олар қазір қайда?

Билеттің 3-тапсырмасы бойынша берілген тапсырма:

Берілген тақырыпқа монологтық айтылым құраңыз.

Емтихандық билет үлгісі.

1. Жағдаят бойынша диалог құраңыз.

Тобыңызға жаңа студент келді. Танысыңыз.

2. Сұраққа жауап беріңіз.

- Бүгін сізде қанша сабақ болады?

- ...

3. «Менің туған қалам» тақырыбы бойынша монолог құрап айтыңыз.

2.2. Емтихан өткізу рәсімі.

2.2.1. Стандартты ауызша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.2.2. Ауызша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушылардың жеке құжатын тексеруді жүзеге асырадыға

2.2.3. Бөгде адамның ауызша offline емтиханға келген жағдайында кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.2.4. Емтиханға кешігіп келген білім алушыларға жол берілмейді.

2.2.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес өзін өзі ұстау ережелерін сақтауын бақылайды.

2.2.6. Дайындыққа 20 минут, жауапқа 15 минут бөлінеді.

2.2.7. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы акпаратқа қол жеткізе алатын шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.2.8. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасымен бағаланады.

2.2.9. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасымен бағаланады.

2.2.10. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

III. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(ауызша стандартты форма)

Қазақ тіліне кіріспе пәні

Форма: дәстүрлі ауызша

Платформа: Univer жүйесінде offline


Бағалау параметрі	Өте	Жақсы	Қанағаттана	Қанағаттана
-------------------	-----	-------	-------------	-------------



	жақсы 90-100 %	70-89%	рлық 50-59%	рлықсыз 25-49%
Когнитивті БР Белгілі бір жағдаятта қолданылатын лексика мен сөйлеу құрылымдарын білу. Мәтін мазмұнын түсіну, мазмұнды өз сөзімен жеткізе білу, сұрақтарды түсіну және мәтін мазмұны бойынша тиісті жауаптар беру.	Тапсырманы толық түсінеді	Тапсырманы айтарлықтай түсінеді	Жауаптары тапсырманы онша түсінбегенін көрсетеді.	Жауаптары тапсырманы мүлдем түсінбегенін көрсетеді
Функционалды БР а) сәлемдесу, қоштасу, біреуге хабарласу, Алғыс айту, кешірім сұрау, Ризашылық пен кешірім сұрауға жауап беру; сұрақ қою немесе бірдеңе туралы хабарлау; б) танысу, тілек, өтініш, ұсыныс білдіру; б) өз өмірі, өз әсерлері туралы айту	Толық жауап бере алады	Айтарлықтай жауап бере алады	Қажетті лексиканы толық білмейді, жауаптары сөйлеу дағдыларының толық емес екенін көрсетеді.	Лексика-грамматикалық материалды аз біледі, сөйлем құрылымдарының дұрысқолдана алмайды.
Жүйелі БР а) диалогтық қарым-қатынастың жалпы құрылымын, ресми /бейресми қарым-қатынастың ерекшеліктерін түсінетінін мен білетінін көрсету, б) типтік жағдайлар мен тақырыптар бойынша диалогтарды айту; нақтылау	Білімін толық көрсете алады.	Білетінін көрсетеді, бірақ қателер бар. Уақытты көбірек қажет етеді.	Диалогтық сөйлесімді шектеулі түрде білетіні көрінеді.	Жауабы мәселені мүлдем түсінбегенін көрсетеді.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ИО) = (%1+%2+%3) / мұндағы К, % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К – критерийлердің жалпы саны.

Дәріскер  Г.Ә. Машинбаева

